

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1503 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін рейтинг анықтау шарттары мен ең аз рейтинг туралы және рейтинг агенттіктерінің тізбесін бекіту туралы" 2001 жылғы 31 наурыздағы N 86 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 221 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 30 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2418. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 384 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 384 қаулысымен .

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін рейтинг анықтау шарттары мен ең аз рейтинг туралы және рейтинг агенттіктерінің тізбесін бекіту туралы" 2001 жылғы 31 наурыздағы N 86 қаулысына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1503 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2001 жылғы 7-20 мамырда жарияланған, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 19 қазандағы N 452 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1688 тіркелген өзгерісімен және толықтыруымен бірге) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) атауындағы, 1 және 2-тармақтарда N 1 және N 2 қосымшалардың атауларындағы мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының" деген сөздер "

Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтандыру ұйымының және сақтандыру брокерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2 - т а р м а қ т а :

"оның" деген сөз "олардың" деген сөзбен ауыстырылсын;
мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "өз міндеттемелері бойынша уақтылы төлем жасау" деген сөздер "өз міндеттемелері уақтылы орындау" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "жасаған" деген сөзден кейінгі "сақтандыру (қайта сақтандыру)" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан - Қазақстан Республикасының резидентінен қайта сақтандыруға сақтандыру тәуекелдерін қабылдайтын Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтандыру ұйымының және Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру брокерінің осы қаулыға N 2 қосымшада белгіленген рейтингтен төмен емес қаржылық сенімділігінің ең аз талап етілетін рейтингі болуға тиіс.";

4) мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. 2004 жылғы 1 шілдеден бастап "А++"-дан төмен емес қаржылық сенімділігінің ең аз рейтингі бар ("Эксперт-РА" Ресей рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан - Қазақстан Республикасының резидентінен қайта сақтандыруға сақтандыру тәуекелдерін қабылдайтын Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтандыру ұйымының және Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру брокерінің "Moody's Investors Service", "Standard & Poors" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша Қазақстан Республикасына берілген тәуелсіз рейтингтен (немесе соған сәйкес рейтингтен) төмен емес қаржылық сенімділігінің ең аз рейтингі болуға тиіс.";

5) N 1 қ о с ы м ш а д а :

"Қазақстан Республикасында еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құратын (ұйымы бар) Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "ұйымының" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру брокерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

6) N 2 қ о с ы м ш а д а :

1 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "ұйымының" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру брокерінің" деген

с о з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"ВааЗ" деген сөздер "АЗ" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ВВ+" деген сөздер "А-" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ВВВ-" деген сөздер "А-" деген сөздермен ауыстырылсын;

"В+" деген сөздер "А-" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді, қаулының 1-тармағының б) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтары 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы